

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

---

выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VRY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

---

<https://doi.org/10.48081/AHDL2386>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шоқубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

<https://doi.org/10.48081/DUQO2097>

**\*Б. Р. Хасенов<sup>1</sup>, А. С. Адилова<sup>2</sup>, З. К. Картова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,  
Қазақстан Республикасы, Петропавл қ.;

<sup>1,2</sup>Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.;

<sup>3</sup>М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,  
Қазақстан Республикасы, Петропавл қ.

## **COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ЛЕКСИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР: АССОЦИАТИВТІ САУАЛНАМА**

*Мақалада COVID-19 пандемиясы кезінде қазақстандық қоғамда қалыптаса бастаған лексикалық инновациялар (жаңа түсініктер, неологизмдер), семантикалық өзгерістер қарастырылады. Бұл мақалада біз ассоциативті сауалнама жүргізу арқылы COVID-19 пандемиясы туындатқан жаңа түсініктерді, неологизмдерді, лексика-семантикалық өзгерістерді сипаттаймыз. Зерттеудің сауалнамасына еректі түрде 142 респондент онлайн қатысты. Стимул-созретіндекоронавирустерминіалынды. Респонденттерге коронавирус стимулымен қатысты қандай түс және сан есіммен байланысты болатынын жазу керек болды. Жауаптарды онлайн түрде барлық адам көре алады. Зерттеудің нәтижесі көрсеткендей, коронавирус стимулы адамдардың санасында қызыл, жасыл, қара, көк, сары түстері активтенді, ал қоңыр, ақ, алтын, күлгін, түссіз өте әлсіз ассоциацияларды тудырады және 19 санының жиілігі байқалды. Сонымен бірге, зерттеу нәтижелері бойынша, COVID-19 пандемиясы кезеңінде колоративті лексиканың (жасыл түстен басқа, бұл түс қауіпсіздікті бейнелей бастады), сандардың жағымсыз мағыналары өзектеніні анықталды және кейбір жаңа ұғымдар пайда болғаны көрсетілді. Қорытынды бөлімде ағылшын тілінің рөлі атап өтілді, себебі дағдарыс кезеңінде қазақ тілінің сөздік құрамы жаңа ағылшын сөздерімен толықтырылды, бұл ағылшын тілінің плюрицентристік және «дағдарыс төтеп бере алатын» тіл екенін дәлелдейді.*

*Кілтті сөздер: COVID-19, лексикалық инновациялар, семантикалық өзгерістер коронавирус, ассоциативті сауалнама.*

### **Кіріспе**


2021 жылдың 21 қарашасындағы деректерге сүйенсек, коронавирустық инфекцияны жұқтырғандардың саны 255 млн. адамнан асады, ал өлгендердің саны 5 млн. астам (<https://covid19.who.int/>). Бұл COVID-19 пандемиясын тарихтағы ең қауіпті оқиғалардың бірі етеді [1]. COVID-19 пандемиясы әлемдегі барлық адамның өмірге деген көзқарасын, психологиясын, тұрмыс-салтын өзгертті. Кейбір мәліметтерге қарағанда, COVID-19 апокалипсиспен де теңестіріледі [2, 3]. Алғашқы кезде адамдар вирустың бар екеніне күмәнмен қарады. Осыған байланысты COVID-19-ға қатысты көптеген фейк жаңалықтар таралды [4].

COVID-19 пандемиясы жаңа лексикалық инновациялардың туындауына ұйытқы болды. Кейінгі бір зерттеуде Covid-19-ға тән кейбір жаңа сөздер қоғамның білім беру, әлеуметтік медиа, денсаулық сақтау, дін және нарық сияқты кейбір салаларында нигериялық ағылшын тілінде (NE) күнделікті қолданыла бастағаны хабарланады [5]. Covid-19 пандемиясы кезіндегі жаңа атаулар, лексикалық инновациялар ең әуелі ағылшын тілінде қалыптасты. Мысалы, Al-Salman, Haider COVID-19-бен байланысты неологизмдердің корпусын жасады. Жаңа сөздерді жасауда аффиксация, контаминация, акронимия секілді сөзжасамдық тәсілдердің өнімді екені көрсетілді және жаңа сөздерді жасауда ағылшын тілінің креативтілігі сөз етіледі [6]. Неологизмдерге қатысты тағы бір жұмыста әлеуметтік желідегі БАҚ-та және брифингтерде COVID-19-ға қатысты жаңа сөздер зат есім, сын есім, етістік түрінде қолданылатынын айтады [7].

Біздің осы мақаладағы мақсатымыз – адамдардың ассоциациясындағы COVID-19 туындатқан түр-түске, сан есімдерге қатысты жаңа лексикалық инновацияларды және COVID-19 пандемиясы кезіндегі семантикалық өзгерістерді ассоциативті сауалнама арқылы анықтау болып табылады.

**Жұмыстың әдісі мен материалы**

Зерттеудің мақсатына сәйкес сауалнаманың сипаттамалық түрі алынды. Бұл әдіс жауаптардың шынайылығын көрсету үшін жарамды деп танылды. Сауалнама лингвомәдени өмірдегі қажетті ақпаратты жинауға көмектесті. Сауалнамада қатысушының жасына, жынысына және зерттеуге қатысты сұрақтар берілді. Зерттеуге 142 адам қатысты. 118 әйел адам және 24 ер адам. Біз Google Formста зерттеудің сұрақтарын құрастырып, сілтемесін онлайн түрде жібердік. Қатысушылар зерттеудің сұрақтарына өз еріктерімен жауап берді. Сауалнамаға қатысушылардың орта жас шамасы – 37,3 (16-70). Зерттеуге қатысқандардың басым көпшілігі студенттер болды.



Сурет 1 – Қатысушылардың жас шамасы


Зерттеудің ең негізгі деректері – сауалнамадағы жауаптар. Оны мына сілтеме арқылы өтіп көруге болады: [https://docs.google.com/forms/d/1odeg8\\_maNWtTajbB0WFj3nRoRF24IW8fhFmN3r8MZt4/edit?usp=sharing](https://docs.google.com/forms/d/1odeg8_maNWtTajbB0WFj3nRoRF24IW8fhFmN3r8MZt4/edit?usp=sharing). Қатысушылардың берген жауаптары арқылы COVID-19-бен байланысты адам ассоциациясында пайда болған жаңа лексикалық инновациялар, семантикалық өзгерістер анықталып отырды. Соның негізінде түр-түс атаулары және сан есімдер арқылы пайда болған жаңа ұғымдар анықталды. Сондай-ақ, жаңа мағына мен бастапқы мағына салыстырғанда, тілдік материалдар да алынды. Олар грамматикалық еңбектер, әр түрлі сөздіктер бойынша жинастырылды [8].

Жұмыста біз *коронавирус* сөзін стимул ретінде алдық. COVID-19 құрамындағы *коронавирус* сөзі алғашқы рет 1968 жылы жаңа вирустарды атау үшін Nature журналында қолданылған [9]. Ал нақты ғылыми атауын айналымға енгізген ғалымдар – Turrell және Fielder [10]. Бұл сөздің қазақстандық медиакөрсеткіште актив қолданыла бастауы 2020 жылдың қаңтарынан басталады (<https://www.kazpravda.kz/news/obshchestvo/kazahstantsam>). Кей деректерге сүйенсек, коронавирус 2020 жылдың қаңтарында жиі қолданылатын термин болған [11]. Біз бұл сөзді стимул ретінде алуымыздың басты себебі: біріншіден, күнделікті өмірде коронавирус сөзі актив қолданылады; екіншіден, біздің зерттеуде сан есімге қатысты сұрақ болғандықтан, COVID деген стимулды алмадық.

#### **Нәтиже және талқылануы**


COVID-19 пандемиясы жаңа түсініктердің пайда болуына себепші болды. Вирус тек қоғамды ғана өзгерткен жоқ, ол қоғамдағы адамдардың, яғни сөйлеушілердің танымында жаңа лексикалық инновацияларды қалыптастырды. Зерттеудің нәтижелеріне сүйенсек, коронавирусы стимулымен адамдардың санасында *қызыл*, *жасыл*, *қара*, *көк*, *сары* түстерінің

активтененін, ал *қоңыр, ақ, алтын түстес, күлгін, түссіз* өте аз мөлшерде ассоциация тудырғаны көрсетеді.



Сурет 2 – Түстік ассоциялардың нәтижесі

COVID-19 пандемиясы кезінде сан есімдерден 19 санының белсенділігін көреміз. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесі көрсеткендей, *коронавируспен* 2020, 0, 3, 2019, 8, 1, 13, 7, 6, 20 және басқа да сандар (суретте көрсетілген) ассоциацияланған.



Сурет 3 – Сандық ассоциялардың нәтижесі

Түр-түс атаулары қай халықтың болмасын мәдениетінде алатын орны ерекше болып табылады. Бұл туралы өте көп зерттеулерде айтылды. Түр-түс атауларының семантикасы жағымды-жағымсыз каннотацияларға ие. Алайда кейінгі COVID-19 пандемиясы түр-түс атауларының жағымсыз мәндерінің активтенгенін және кейбір жаңа түсініктердің пайда болғанын байқатады..

Біздің зерттеуде ең көп ассоциация тудырған түс қызыл болды. 142 адамның 81-і, яғни қатысушылардың басым көпшілігі коронавирусты қызылмен байланыстырды.

Осы секілді жауаптарды біршама респондент берді. Батыста қызыл түс қанмен ассоциация береді. Африканың кейбір бөліктерінде қызыл түс – бұл өлімді білдіретін аза тұту түсі болып табылады. Қазақ дәстүрінде де қызыл өлімге, қауіпке байланысты символданады. Мысалы, қызыл ту жас баланың өлімін білдірген. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерде төбелеспен, жанжалмен байланысты болып келеді: *қызыл қырғын* «соғыс», «қан майдан», *қызыл қанға боялды* «төбелестен үсті-басы қан болды». Дәл осы түсініктер коронавируc стимулымен байланыстырылды. COVID-19 пандемиясы кезінде адамның қаны төгілген соғыс болған жоқ. Алайда зерттеу деректерінің көпшілігінде қызыл қанмен ассоциация тудырды. Бұл қызылдың барлық түстердің арасынан ең күшті реакция тудыратынымен де байланысты болуы мүмкін [12].

COVID-19 кезінде адамдардың санасында активтенген түртердің бірі – жасыл түсі. Бұл түс ең әуелі қазақ танымында шөппен, жазбен ассоциация тудырады. Біздің зерттеудің нәтижесінен байқайтынымыз, кейінгі жылдары (2020-2021) бұл түс вируспен, бактериямен ассоциация тудырған (*жауаптар: 11, 13*).

Сондай-ақ, жасыл түсі қауіпсіздікті, сау адамды көрсететін белгі ретінде де қолдана бастады (*140-жауап*). COVID-19 пандемиясы уақытында қара түс өлімді, қауіпті символдады. Егер дәстүрлі қолданыстағы сөздерге, салт-дәстүрдегі символикаға мән беретін болсақ, қара өліммен, қауіппен байланысты екені белгілі. Қара түс көптеген халықтың дәстүрінде жамандықтың, өлімнің, қауіптің символы болатыны біраз зерттеулерден байқауға болады. Түркі тілдерінде А.Кононовтың анықтауынша, қара сөзінің жиырмаға жуық мағынасы бар, соның ең негізгілері мыналар: 1) темный, мрачный, 2) суровый; 3) печальный, несчастный [13]. Қазақ халқының дәстүрінде *қара жамылу*, *қара тігу* секілді түсініктер бар. Ескіде адам өлгенде, үйдің сыртына қаралы ту тігілген. Бұл қайғылы жайттан хабар берген. Қара түсімен, қара сөзімен байланысты осы секілді символдар, мағыналар әлемнің көптеген халқына тән универсалды түсініктерге жатады. Бұл мәндер пандемия кезінде де өзектенді (*Жауаптар: 2, 9, 16*).

Түркі тілдерінің бірі қазақ тілінде *қаралы хабар* сөзі қайғылы, азалы хабарды білдіреді. Бұл зерттеудің деректерінде де кездесті (*40-жауап*). Ұлы Отан соғысында қайғылы хабарды, майдандағы жауынгердің мерт болғанын жеткізген қағазды *қарақағаз* деп атаған. Бұл сол кездегі дәстүрлі қолданыстың нәтижесінде пайда болған жаңа сөз болатын. Ал пандемия кезінде *қара пакет* (адамдарды қара пакетке салып шығару) секілді жаңа әрі уақытша тіркестің қолданғанын көреміз (*138-жауап*). Қара пакетке адамды салып, оларды жерлеу адамдардың үрейін қашырғаны белгілі. Соның уақытша белгісі ретінде адамдардың санасында қалып қойған.

Сары және көк түстердің ассоциациясы негізінен қазақстандық Ашық бағдарламасына, коронавирустың таралу аймағына байланысты туындаған болу керек (*Жауаптар: 68, 128*).

Қазақ тілінде жасыл дегеннің орнына көк сөзі қолданылады. Мысалы, орыс тіліндегі зеленый базар дегенді қазақ тілінде жасыл базар деп емес, көк базар деп қолданады. Сол секілді қатысушылардың жауабында вирус, бактерия көк түсімен де сипатталған (мысалы, 53, 68, 87 жауаптар).

COVID-19 пандемиясы әкелген тілдік инновация вирустың таралуы аймағын түр-түс атаулары арқылы сипаттау болып табылады. Мысалы, қызыл аймақ – қауіпті аймақ, сары аймақ – орташа, жасыл аймақ – қауіпсіз деген мағыналарды беретін болды.

Бұл жердегі үш түспен (қызыл, сары, жасыл) пандемияның қауіпті не қауіпсіз аймағын белгілеу COVID-19 уақытында пайдалана бастады. Түр-түс символикасына қатысты зерттеулерде қара – солтүстікті, ақ – батысты, қызыл – оңтүстікті, көк – шығысты білдіретіні жайлы айтылады. Қызыл сөзімен басталатын кей топонимдер оңтүстікте орналасқан. Сары негізінен батысты білдіреді. Ал жасыл түспен кеңістікті, территорияны мүлдем кездеспеген. COVID-19 жасыл түсін активтендірді деп те айтуға болады. Жасыл аймақ деген жаңа тіркес «қауіпсіз территория» деген түсінікті тудырды. Сонымен қатар, «қызыл аймақ», «сары аймақ» сөздері – де бұрын қолданылмаған тіркестер.

Зерттеудің нәтижесі ақ, күлгін, қоңыр, алтын түстес секілді түстердің пассив қабатта жатқанын көрсетті. Пандемия уақытында ақ түсінің актив болмауының себебі – адам танымында бұл түс жақсылықтың, мейімділіктің нышаны болуымен байланысты. Ал пандемия үлкен апат әкелгендіктен де, бұл түстің периферияда жатуы заңды құбылыс деп есептейміз. Қазақ тілінде қоңыр сөзі «орта» деген мағынаны білдірсе, *күлгін, түссіз, алтын түстес* сөздері негізінен актив қолданыла бермейді және бұл түстердің ешқандай символикалық әлеуеті жоқ.

Ежелгі замандардан бастап адам баласы сан символикасына ерекше мән берген. Әр халық белгілі бір санға қоршаған органы қабылдауына, табиғи құбылыстарға, танымына, сеніміне байланысты символдық, сакральдік мән береді. Сандарда табиғаттың тылсым құпиясы жасырылған. Мәселен, дүниенің пайда болуы, жаралуы киелі кітаптарда сандармен байланысты. Інжілде, Құранда ғалам алты күнде жаралған деп айтылады. Жетінші күн демалыс күні саналады. Көптеген халықтарда жеті киелі, қасиетті болып табылады. Сол секілді басқа сандардың да өзінің сакралдылыққа айналуының тарихы, уәжі бар. Пандемия уақытында 19 саны – коронавирустың белгісіне айналды. Біздің қатысушылардың басым көпшілігі коронавирус стимулын пандемияның басталу уақытымен байланыстырды (*Жауаптар: 16, 18*). Кей жауаптарда COVID-19 атауынан алғандығы да жазылған (*Мыс., 12*). Кейбір



реакцияларда 2020 деген жауаптардың берілуі Қазақстан Республикасындағы індеттің таралуымен байланысты. Себебі Қазақстанда ресми түрде 11 наурызда коронавирустың келгені жарияланған болатын. Жауаптардан (15, 50) да соны байқауға болады.

Вирус таралған уақытта көптеген адамдар бұған сенбеді, кейбірі ойдан шығарылған десе, кейбірі ғалымдардың әлейі жасап жатқан вирусы деп есептеді және бұл вирустың бар екеніне сенбейтіндер қоғамда әлі күнге дейін бар. Пандемия уақытындағы сандық сисволикада бұл 0 санымен бейнеленді (*Жауаптар: 19, 23, 121, 141*)

0 саны жоқтың символы болып табылады. Бұл символық мағына бір жауапта (10) көрініс тапты. Яғни, пандемия уақытында адам өте көп қырылды. Бұл адамдардың үрейін шақырды. Бұл жерде нөл санының адам өліміне қатысты «жөк қылу», «апат» семасы пайда болғанын байқаймыз.

Зерттеудегі 1, 3, 6, 8, 13 және басқа да сандардың мағыналары жағымсыздық реңкке ие екенін көрсетеді. 1 саны негізінен ситуацияға байланысты «бірінші», «алғашқы», «негізгі» деген мағыналарда қолданылған (*Жауаптар: 111, 114, 115, 138*). Бұл жауаптағы эмоциялардың барлығы да жағымсыз бояуға негізделген. Сондай-ақ, 72-ші жауапта «жалғыз Жалмауыз кемпір» деп берілген. Түркі халықтарының (қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, ноғай, т.б.) ертегілерінде жағымсыз бейне болып табылады. Ол жеті басты, аяқ қолының тырнақтары сояудай, адам қанын соратын қорқынышты кейіпкер ретінде бейнеленеді. Осы себепті де бір респондент коронавирусты зұлым, қорқынышты Жалмауызбен ассоциацияланған болу керек. Зерттеудегі 3 саны пандемияның уақытымен (3 жауап), сәтсіздікпен (4-жауап), қауіппен (47-жауап) байланыстырылды.

Кейбір қатысушыларға 6 саны вирустың өзін және магияны елестетті (*Жауаптар: 21, 88*)

Бұл жердегі екі жауап та бірімен-бірі байланысты секілді. Себебі қатысушылардың ойына алтыбұрышты форма келген. Алайда екі қатысушы екі түрлі мазмұн берген: бірі коронамен магияны байланыстырған, екіншісі – алты бұрышы бар фигура арқылы вирусты сипаттаған.

8 саны шексіздікті білдіреді және бұған жағымды сипат тән. Алайда біздің эксперименттердегі жауаптардан бұл санның «шексіздік» мәнін сақтай отыра, кері мәнге ие болғанын байқаймыз. (*Жауаптар: 2, 5*)

Бұл жауаптардағы «шексіздік» ұғымының негативті сипат алуы коронавирустың «бітпейтін», «таусылмайтын» ауру болып ұғылуында болып тұр. Осы жердегі 8 саны шексіздікті білдіре отыра, COVID-19 пандемиясы кезінде жағымсыз ассоциациялар тудырған.

Зерттеу жұмысындағы өзге де сандардың да «жайсыз», «жағымсыз» семалары бар. Мысалы, «көп» семасы 99 (9-жауап), 1000000 (*Жауаптар:*

61, 67, 119) сандары арқылы берілген. Бұдан бөлек коронавирустық инфекция 1930 жылғы ашаршылықпен (75-жауап), Қазақстандағы зардап барлық облыстардың санымен (27-жауап) байланыстырылған.

### Қорытынды

COVID-19 пандемиясы кезінде кейбір лексикалық инновациялар, жаңа мағыналар пайда болды. Біздің зерттеудің нәтижесі көрсеткендей, *коронавирус* стимулы бұрыннан бар мағыналарға жаңа семалар қосылды. Мәселен, түр-түстердің, сан атауларның дәстүрлі мағыналарымен қатар жаңа мәндер, сонымен қатар жаңа сөздер пайда болды. Коронавирус бүкіләлемдік пандемия болғандықтан, негізгі түсініктер ағылшын тілі арқылы енді. Біздің зерттеуде көрсетілген көптеген жаңа түсініктердің, сөздердің ағылшын тілі арқылы енгенін айту маңызды Оған мысал ретінде калькалаған *қызыл аймақ, сары аймақ, жасыл аймақ* түсініктерін немесе жасыл түстің қауіпсіздік нышаны болуын келтіруге болады. Екіншіден, қазақ тілінде және қазақстандық қоғамда бар қолданыстар негізінде пайда болған түсініктер (Ашық қосымшасы, кара пакет). Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, *коронавирус* стимулына түстік және сандық реакциялар жағымсыз бояу тән. COVID-19 кезінде *қызыл, жасыл, қара* түстерінің, сан есімдердің теріс (-) мағыналары активтенген.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Poorolajal, J.** *The global pandemics are getting more frequent and severe* // Journal of Research in Health Sciences. – 2021. – № 21(1). – [Электронды ресурс] – Қолжетімді режимі : [10.34172/jrhs.2021.40](https://doi.org/10.34172/jrhs.2021.40)

2 **Alonso-Matielo, H., da Silva Oliveira, V. R., de Oliveira, V. T., Dale, C. S.** Pain in Covid Era // Front Physiology. – 2021. – [Электронды ресурс] – Қолжетімді режимі : <https://doi.org/10.3389/fphys.2021.624154>

3 **Dubey, S., Biswas, P., Ghosh, R., Chatterjee, S., Jana, M., Chatterjee, S., Lavie, C. J.** Diabetes & metabolic syndrome : Clinical research & reviews psychosocial impact of COVID-19 // Diabetes & Metabolic Syndrome : Clinical Research & Reviews. – 2020. – № 14(5). – P. 779–788.

4 **Tan, K. H., Woods, P., Azman, H., Abdullah, I., Hashim, R., Abdul Rahim, H., Mohd Said, N. E., Said, M., Lew, R., Kosem, I., Hua, K.** COVID-19 insights and linguistic methods // 3L The Southeast Asian Journal of English Language Studies. – 2020. – № 26. – P. 1–23.

5 **Oluwateniola, K., Adebola, A., Akinniyi, A.** «Someone has been coronated» Nigerian English lexical innovations in the COVID-19 Pandemic // Cogent Arts & Humanities. – 2021. – № 8(1). – [Электронды ресурс]. – Қолжетімді режимі: [10.1080/23311983.2021.1947559](https://doi.org/10.1080/23311983.2021.1947559)

6 **Al-Salman, S., Haider, A.S.** COVID-19 trending neologisms and word formation processes in English // *Russian Journal of Linguistics*. – 2021. – № 25(1). – P. 24–42.

7 **Asif, M., Zhiyong, D., Iram, A., Nisar, M.** Linguistic analysis of neologism related to coronavirus (COVID-19) // *Social Sciences & Humanities Open*. – 2021. – № 4 (1). – [Электронды ресурс]. – Қолжетімді режимі : <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2021.100201>

8 **Хасенов, Б. П.** Қазақ тілі дыбыстарының архетиптік сипаты : PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Қарағанды, 2021. – 157 б.

9 **Almeida, J. D., Berry, D. M., Cunningham, C. H., Hamre, D., Hofstad, M. S., Mallucci, L., McIntosh, K., Tyrrell, D. A.** *Virology : Coronaviruses* // *Nature*. – 1968. – № 220(5168). – P. 154.-168. – [Электронды ресурс] – Қолжетімді режимі : <https://doi.org/10.1038/220650b0>

10 **Tyrrell, D. A., Fielder, M.** *Cold Wars : The Fight Against the Common Cold*. – Oxford University Press, 2002.

11 **Schweinberger, M., Haugh, M., Hames, S.** *Analysing discourse around COVID-19 in the Australian Twittersphere : A real-time corpus-based analysis* // *Big Data & Society*. – 2021. – [Электронды ресурс] – Қолжетімді режимі : [10.1177/20539517211021437](https://doi.org/10.1177/20539517211021437)

12 **Robertson, S. A.** *Contemporary ergonomics*. – London : Taylor & Francis, 1996.

3 **Кононов, А. Н.** Семантика цветообозначений в тюркских языках / *Тюркологический сборник*. 1975. – Москва : Наука, 1978. – С. 159–169.

## REFERENCES

1 **Poorolajal, J.** *The global pandemics are getting more frequent and severe* // *Journal of Research in Health Sciences*. – 2021. – № 21(1). – [Electronic resource] – Access mode : [10.34172/jrhs.2021.40](https://doi.org/10.34172/jrhs.2021.40)

2 **Alonso-Matielo, H., da Silva Oliveira, V. R., de Oliveira, V. T., Dale, C. S.** *Pain in Covid Era* // *Front Physiology*. – 2021. – [Electronic resource] – Access mode: <https://doi.org/10.3389/fphys.2021.624154>

3 **Dubey, S., Biswas, P., Ghosh, R., Chatterjee, S., Jana, M., Chatterjee, S., Lavie, C. J.** *Diabetes & metabolic syndrome: Clinical research & reviews psychosocial impact of COVID-19* // *Diabetes & Metabolic Syndrome : Clinical Research & Reviews*. – 2020. – № 14(5). – P. 779–788.

4 **Tan, K. H., Woods, P., Azman, H., Abdullah, I., Hashim, R., Abdul Rahim, H., Mohd Said, N. E., Said, M., Lew, R., Kosem, I., Hua, K.** *COVID-19 insights and linguistic methods* // *3L The Southeast Asian Journal of English Language Studies*. – 2020. – № 26. – P. 1-23.

5 **Oluwateniola, K., Adebola, A., Akinniyi, A.** «Someone has been coronated» Nigerian English lexical innovations in the COVID-19 Pandemic // Cogent Arts & Humanities. – 2021. – № 8(1). – [Electronic resource]. – Access mode : [10.1080/23311983.2021.1947559](https://doi.org/10.1080/23311983.2021.1947559)

6 **Al-Salman, S., Haider, A.S.** COVID-19 trending neologisms and word formation processes in English // Russian Journal of Linguistics. – 2021. – № 25(1). – P. 24-42.

7 **Asif, M., Zhiyong, D., Iram, A., Nisar, M.** Linguistic analysis of neologism related to coronavirus (COVID-19) // Social Sciences & Humanities Open. – 2021. – № 4 (1). – [Electronic resource] – Access mode : <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2021.100201>

8 **Hasenov, B. R.** Qazaq tili dybystarynyń arhetiptik sıpaty [Archetypal nature of sounds of the Kazakh language] : PhD doktory dárejesin alýúshin daıyndalǵan dissertatsııa : 6D020500-Filologııa: qorǵaldy 30.06.2021. – Karaganda, 2021. – 157 p.

9 **Almeida, J. D., Berry, D. M., Cunningham, C. H., Hamre, D., Hofstad, M. S., Mallucci, L., McIntosh, K., Tyrrell, D. A.** Virology : Coronaviruses // Nature. – 1968. – № 220(5168). P. 154–168. – [Electronic resource.]. – Access mode: <https://doi.org/10.1038/220650b0>

10 **Tyrrell, D. A., Fielder, M.** Cold Wars : The Fight Against the Common Cold. – Oxford University Press, 2002.

11 **Schweinberger, M., Haugh, M., Hames, S.** Analysing discourse around COVID-19 in the Australian Twittersphere : A real-time corpus-based analysis // Big Data & Society. – 2021. – [Electronic resource]. – Access mode: [10.1177/20539517211021437](https://doi.org/10.1177/20539517211021437)

12 **Robertson, S. A.** Contemporary ergonomics. – London : Taylor & Francis, 1996.

13 **Kononov, A. N.** Semantika tsvetooboznacheniı v túrkskih ıazykah [Semantics of colour designations in the Turkic languages] / Turkological Collection. 1975. – Moscow : Nauka, 1978. – P. 159–169.

Материал баспаға 13.06.22 түсті.

\**Б. Р. Хасенов*<sup>1</sup>. *А. С. Адилова*<sup>2</sup>. *З. К. Картова*<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup>Северо-Казакстанский университет имени М. Козыбаева, Республика Казакстан, г. Петропавловск,

<sup>1,2</sup>Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова, Республика Казакстан, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

## ЛЕКСИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИИ И СЕМАНТИЧЕСКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ В ПЕРИОД ПАНДЕМИИ COVID-19: АССОЦИАТИВНЫЙ ОПРОС

*В статье рассматриваются лексические инновации (новые концепции, неологизмы), которые начали формироваться в казахстанском обществе в период пандемии COVID-19. В этой статье мы описываем новые концепции, неологизмы, семантические изменения, связанные с пандемией COVID-19, по результатам ассоциативного опроса. Вы нашли онлайн-опросе добровольно приняли участие 142 респондента. В качестве стимул-слова был взят термин коронавирус. Респондентам нужно было ответить, с каким цветом и числом ассоциируется слово коронавирус. Онлайн-версию ответов могут посмотреть все желающие. Результаты исследования показывают, что стимул коронавирус в сознании людей активизирует цвета красный, зеленый, черный, синий, желтый и очень слабо вызывает ассоциации коричневого, белого, золотого, фиолетового, бесцветного и видно частотность числа 19. Также по результатам исследования можно сказать, в период пандемии COVID-19 актуализировались отрицательные значения колоративной лексики (кроме зеленого, т.к. этот цвет начал символизировать безопасность), чисел и появились некоторые новые концепты, которые имеют негативную окраску. По итогам исследования была отмечена роль английского языка, так как в кризисной период словарный состав казахского языка пополнялся новыми английскими словами, это также доказывает, что английский – плюрицентрический и «кризисный» язык.*

*Ключевые слова: COVID-19, лексические инновации, семантические изменения, коронавирус, ассоциативный опрос.*

*\*B. R. Khassenov<sup>1</sup>, A. S. Adilova<sup>2</sup>, Z. K. Kartova<sup>3</sup>*

<sup>1,3</sup>North Kazakhstan University named after M. Kozybayeva,  
Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk,

<sup>1,2</sup>E. A. Buketov, Karaganda University  
Republic of Kazakhstan, Karaganda;

North Kazakhstan University named after M. Kozybayev,  
Republic of Kazakhstan, Petropavlovsk.

Material received on 13.06.22.

## LEXICAL INNOVATIONS AND SEMANTIC CHANGES DURING THE COVID-19 PANDEMIC: AN ASSOCIATIVE SURVEY

*The article examines lexical innovations (new concepts, neologisms) and semantic changes that began to form in Kazakh society during the COVID-19 pandemic. In this article, we describe new concepts, neologisms associated with the COVID-19 pandemic, based on the results of an associative survey. 142 respondents voluntarily took part in our online survey. The term coronavirus was taken as a stimulus-word. The respondents had to answer with what color and number the word coronavirus was associated. The results of the study show that the coronavirus stimulus in people's minds activates the colors red, green, black, blue, yellow and very weakly causes associations of brown, white, gold, purple, colorless and the frequency of the number 19 is visible. Also, according to the results of the study, it can be said that during the COVID-19 pandemic, negative meanings of colorative vocabulary were actualized (except green, because this color began to symbolize safety), numbers and some new concepts that have a non-positive coloring appeared. According to the results of the interview, the role of the English language was noted, since during the crisis period the vocabulary of the Kazakh language was replenished with new English words, this also proves that English is a pluricentric and «crisis» language.*

*Keywords: COVID-19, lexical innovations, semantic changes, coronavirus, associative survey.*

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
2,19 МБ RAM  
Шартты баспа табағы 18,65. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Тапсырыс № 3937

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.  
Электронное издание  
2,19 МБ RAM  
Усл. печ. л. 18,65. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Заказ № 3937

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: kereku@tou.edu.kz  
www.vestnik.tou.edu.kz